



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 қаңтар N 40

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы келісімді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының
Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы келісімді бекіту туралы

1997 жылғы 23 қыркүйекте Алматы қаласында жасалған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі
арасындағы еркін сауда туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Беларусь Республикасының
Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы

Келісім

Бұдан былай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметі,

Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Келісімді Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасында экономика және ізгілік саласында интеграцияны тереңдету туралы 1996 жылғы 29 наурыздағы шартты жүзеге асыра отырып,

теңдік және өзара тиімділік негізінде Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып,

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасында қалыптасқан интеграциялық экономикалық байланыстарды және екі мемлекет экономикасының өзара толымдылығын ескере отырып,

тауар мен қызмет көрсетудің жалпы нарығының тиімді жұмыс істеуін көздейтін біртұтас экономикалық кеңістік құруға ұмтыла отырып,

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының Тарифтер мен Сауда жөніндегі Бас Келісімнің (ТОБК) және Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымының (БСҰ) принциптерін ұстанатындықтарын қуаттай отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Тараптар теңдік, өзара қолайлылық және мүдделілік принциптерін басшылыққа алып, Тарап - Мемлекеттерде қолданылатын заңдарда сақтай отырып, тіке шаруашылық байланыстар негізінде меншік түрлеріне қарамастан, шаруашылық қызметі субъектілері арасында сауда-экономикалық қатынастарды дамытып, кеңейтетін болады.

Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа экономикалық нұқсан келтіруге ықпал етерлік іс-қимылдарға бармайды.

2 - б а п

Тараптар, бір Тараптың мемлекетінің кедендік аумағынан шығып, басқа Тарап

мемлекетінің кедендік аумағына арналып әкелінетін және/немесе әкетілетін тауарларға, бара-бар күші бар кедендік баж алымдарын, алым-салық, сондай-ақ сандық шектеулер қолданбайды.

Осы Келісімнің және оның қолданылатын кезеңіндегі мақсаттар үшін Уағдаласушы Тараптар аумағында шығатын тауарлар деп Тәуелсіз мемлекеттердің Үкімет басшылары Кеңесінің Шешімімен бекітілген, тауарлар шығатын елді анықтайтын 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Ережелер белгілеген тауарларды айтамыз.

3 - б а п

Ә р б і р Т а р а п :

ішкі өндірістің осындай ұқсас тауарларына немесе үшінші бір елден шығатын тауарларға салынатын тиісті алым-салықтан асатын ішкі салықтарын немесе алымдарын басқа Тараптың осы Келісімнің күші қолданылатын тауарларына тікелей немесе жана малап салмайтын болады;

осы Келісімнің күші қолданылатын тауарлардың импорты мен экспортына қатысты, осындай жағдайларда ішкі өндірістің осындай ұқсас тауарларына немесе үшінші бір елден шығатын тауарларға қолданылмайтын қандай да бір арнайы шектеулер мен талаптар енгізбейтін болады;

Басқа Тараптың мемлекетінің аумағынан шығатын тауарларға, сондай-ақ төлемдер мен төлем аударуға жинастыруға, қайта тиеуге, сақтауға, тасымалдауға, сондай-ақ төлемдерге және төлемдерді аударуға қатысты осындай жағдайларда өзінің тауарларына немесе үшінші бір елден шығатын тауарларға қатысты қолданылатындарынан өзге ережелерді қолданбайтын болады.

4 - б а п

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде тауарлардың экспортына және/немесе импортына сандық шектеулер немесе оларға барабар шараларды қолданбайтын болады.

Тараптар тек, ақылға қонымды деңгейде және қатаң белгілі бір мерзімге біржақты түрде сандық немесе өзге арнайы шектеулер тағайындай алады.

Аталған шектеулер айрықша сипатта болуға тиіс тек және тек келесі жағдайларда:

ішкі нарықта осы тауардың аса тапшы болып-нарықтағы жағдай тұрақталғанға дейін ;

төлем теңбе-теңдігі аса тапшы болып - төлем теңбе-теңдігінің жағдайы тұрақталғанға дейін ;

егер, саны сонша көп болып немесе Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағына

осындай немесе тікелей бәсекелес тауарлардың отандық өндірушілеріне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіру мүмкін дерлік жағдайлармен импортталатын қандай да бір тауар болғанда ;

осы Келісімнің 11-бабымен көзделген шаралары жүзеге асырып мақсаттарында қолданылуы мүмкін .

Осы бапқа сәйкес шектеулер қолданатын Тарап аталған шектеулерді енгізудің, оның түр-түрпатының және болжамды мерзімдерінің негізгі себептері туралы Басқа Уағдаласушы Тарапқа күні бұрын толық ақпар беруге тиісті, бұдан кейін консультация тағайындалады. Консультация барысында қабылданатын шешімдер тиісті құжаттармен ресімделеді .

Осы бапқа сәйкес, шаралар таңдау кезінде Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына жетуіне неғұрлым аз келеңсіз әсер ететін шараларға басыңқылық беретін болады.

5 - б а п

Егер бұл шаралар мынаған қатысты болса, осы Келісім Тараптардың кез-келгенінің өзінің өмірлік мүдделерін қорғауға қажетті деп есептейтін немесе өзі қатысушысы болып отырған не қатыспақ ниеті бар халықаралық шарттарды орындауы үшін сөзсіз қажетті, халықаралық дәрежеде жалпы қабылданған шараларды бір жақты түрде қабылдауына кедергі болмайды, олар:

адамдардың өмірі мен денсаулығын, айнала ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау ;

қоғамдылық имандылықты және қоғамдық тәртіпті қорғау;

ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөнінде халықаралық күш-жігерді қолдау;

алтын, күміс немесе өзге қымбат бағалы металдар және асыл тастар саудасы;

орны толмас табиғи ресурстарды сақтау;

мемлекеттік қолдау бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде осы өнімнің ішкі бағасы әлемдік бағадан төмен болғанда, өнім экспортын шектеу;

өнеркәсіп және ақыл-ой меншігін қорғау;

ұлттық игіліктің көркем, археологиялық және тарихи құндылықтарын қорғау;

соғыс кезінде немесе басқа да төтенше жағдайларда халықаралық қарым-қатынастарда қолданылатын іс-шаралар;

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін БҰҰ-ы Жарғысының негізіндегі міндеттемелерді орындаудағы іс-қимылдар;

Осы бапқа сәйкес шаралар енгізбекші болып отырған Тарап төтенше сипаттағы жағдайлардан басқа, осы шараларды қолдануға дейін, күні бұрын осы аталған шектеулерді енгізудің негізгі себептері, түр-түрпаты және болжамды мерзімдері туралы басқа Тарапқа толық ақпар беруге тиісті, Бұдан кейін консультация

т а ғ а й ы н д а л а д ы .

6 - б а п

Тарап - Мемлекеттердің шаруашылық субъектілері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі барлық есеп айырысулар мен төлемдер тиісті банкаралық Келісімдерге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

7 - б а п

Тараптар өздеріне қатысты кеден статистикасын қоса алғанда сыртқы экономикалық қызмет соның ішінде сауда, инвестиция, салық салу, банк және сақтандыру және өзге де қызметтер, көлік және кедендік мәселелер жөнінде ішкі құқықтық реттеу туралы тұрақты негізде ақпарат алмасатын болады.

Уағдаласушы Тараптар ұлттық заңдарда осы Келісімнің орындалуына ықпал етуі мүмкін өзгерістер туралы бір-біріне кідіріссіз хабарлайды.

Мұндай ақпарат алысудың ретін Уағдаласушы Тараптардың өкілетті органдары к е л і с і п а л а д ы .

О с ы б а п т ы ң е р е ж е л е р і :

кез-келген Тараптың құзырлы органдарын Тараптардың бірінің заңы бойынша немесе кәдімгі әкімшілік іс-тәжірибенің барысында алуға болмайтын ақпар берулеріне;

кандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, сауда-саттық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашып көрсететін ақпар немесе ашылуы Тараптардың мемлекеттік мүдделеріне қайшы келетін ақпар берулеріне міндеттейтіндей етіп т ү с і н д і р і л м е й т і н б о л а д ы .

8 - б а п

Уағдаласушы Тараптар теріс іскерлік тәжірибені осы Келісімнің мақсаттарына сай келмейді ден таниды және оның келесі әдістеріне жол бермей, жоюға міндеттенеді:

кәсіпорындар арасындағы шарттар, кәсіпорындар бірлестігі қабылдаған шешімдер және Тарап Мемлекеттер аумағында бәсекелестікке бөгет болып, оны шектеу немесе оған деген жағдайды бұзу мақсатындағы іскерлік тәжірибенің жалпы әдістері;

бір немесе бірнеше кәсіпорындардың өздерінің үстем жағдайын пайдаланып, Тарап Мемлекеттердің аумағының барлық немесе едәуір бөлігінде бәсекелестікті шектейтін і с - ә р е к е т т е р і .

9 - б а п

Тараптар статистикалық ақпарат алысу, кедендік ресімдер жүргізу үшін екіжақты экономикалық қарым-қатынастың тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын жүзеге асыру кезінде Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлесімді жүйесіне және Еуропалық Экономикалық Одақтың Құрамды тарифтік-статистикалық номенклатурасына негізделген, Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тоғыз таңбалы Тауарлық номенклатурасын (СЭҚ ТН) пайдаланатын болады. Бұл орайда Тараптар қажет болғанда, өз мүдделері үшін тоғыз таңбадан тыс Тауарлық номенклатураны дамытуды жүзеге асырады.

1 0 - б а п

Тараптар транзиттік өту еркіндігі принципін сақтау осы Келісімге қол жеткізудің аса маңызды шарты және халықаралық еңбек бөлінісі мен серіктесу жүйесіне қосылу процесінің маңызды буыны екендігімен келіседі.

Осыған байланысты әрбір Тарап екінші Тараптың және/немесе үшінші елдің кедендік аумағынан шығатын және басқа Тараптың немесе кез келген үшінші елдің кедендік аумағына арналған тауарлардың өз аумағы арқылы кедергісіз транзиттік өтуін қамтамасыз етеді және экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға өзінің тасымалдаушыларына, экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе үшінші бір елдің экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларына беретін құралдары мен қызметтерінен кем емес, қолындағы барлық қажетті құралдар мен қызметтерді беретін болады.

Тарап Мемлекеттердің аумақтарымен өтетін жүктердің реті мен шарты Халықаралық тасымалдау ережелеріне сәйкес реттеледі.

1 1 - б а п

Тараптар осы тауарлар кедендік аумағынан шығатын Тараптар квоталық және лицензиялық шаралар қолданатын тауарларға қатысты олардың қайта экспортталуына жол бермеуге келісті.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталған тауарлар тек, тауарлар кедендік аумағынан шығатын сол Тараптың өкілетті ведомствосы тиісті ресімдеп берген жазбаша рұқсаты болғанда қайта экспортталады. Осындай тауарлар қайта экспортталған жағдайда, осы тауарлар өзінің аумағында өндірілген мемлекет нұқсанның өтемақысын талап етуге құқылы. Осы ереже

сақталмаған жағдайда, мемлекетінің мүддесі бұзылған Тарап, келіспей қайта экспорттауға жол берген Тараптың мемлекетінің аумағына осындай

тауарларды әкетуді реттеу жөнінде бір жақты ретімен шаралар енгізуге құқылы.

Қайта экспорттау дегеніміз үшінші бір елге экспорттау мақсатымен, басқа тараптың келесі Тарап мемлекетінің аумағынан шығатын тауарларды әкетуін айтамыз.

12-бап

Тараптар үшінші елдерге қатысты экспорттық бақылаудың келісілген саясатын жүргізу мақсатында тұрақты түрде консультация өткізетін болады және экспорттық бақылаудың тиімді жүйесін көру үшін өзара келісілген шаралар қабылдайтын болады.

13-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар арасында бұрын жасалған екіжақты келісімдері ережелерінің, бір-бірімен не, үйлеспейтін, не ұқсас келетін шамасына қарай алмастырады.

14 - б а п

Осы Келісімнің еш бір тұсы, егер осы қатынастар мен міндеттемелер осы Келісімнің ережелеріне, мақсаттарына қайшы келмеген жағдайда, осы Тарап қатысушы болып отырған немесе қатысуы мүмкін, қандай да болмасын бір халықаралық келісімге сәйкес, үшінші бір жолмен қатынас орнатуына,

өзіне алған міндеттемелерін орындауына Тараптардың кез-келгеніне кедергі болмайды.

15-бап

Тараптардың әрқайсысы өз заңына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес басқа Тарабының шаруашылық субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің тең құқықтық жолмен, соның ішінде сот арқылы қорғау мүмкіндіктерін ұсынады.

16-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдануға қатысты дау-дамай келіссөздермен шешілетін болады.

Тараптар өзара саудада шиеленісті жағдайды болдырмауға ұмтылатын болады.

17-бап

Қажет болған жағдайда, Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Бұл өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде ж а с а л у ғ а т и і с т і .

18 - б а п

Осы Келісім, ол үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдер орындалғаны туралы Тараптар жазбаша хабар берілген күннен бастап күшіне енеді және тараптың бірі екінші Тарапқа осы Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап осы екі ай өткенге дейін күшінде қалатын болады.

Осы Келісімнің ережелері оның күші тоқтатылғаннан кейін екі елдің шаруашылық субъектілері арасында жасалған, бірақ Келісімнің қолданылу кезеңінде орындалмаған контракттарға қолданылатын болады, бірақ ол бес жылдан аспауға тиіс.

1997 жылғы 23 қыркүйекте Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данамен жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісім ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасы
Үкімет үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК